

Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері оқушыларының емтихандарын өткізу және 1999-2000 оқу жылын аяқтау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2000 жылғы 15 ақпандағы N 124 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 сәуірде тіркелді Тіркеу N 1114. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 20 қарашадағы N 953 (V043298) бұйрығымен.

1999-2000 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау және Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беретін мектептері оқушыларының бітірту және сыныптан сыныпқа көшіру емтихандарын өткізу мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері оқушыларының бітіру және қорытынды аттестациялау, сыныптан-сыныпқа көшіру тәртібі жөніндегі нұсқаулық" бекітілсін.

2. Бітіруші сыныптардың оқушыларын қорытынды аттестациядан өткізу және оқу жылын аяқтау мына тәртіпте белгіленсін:

1) Барлық үлгідегі күндізгі және кешкі (кезекті) жалпы білім беретін оқу орындарындағы 1-11 (12) сыныптарда оқу сабақтары 2000 жылдың 25 мамырында аяқталсын.

2) 9-сынып оқушыларын негізгі мектеп курсы бойынша қорытынды аттестациялау 2000 жылғы 30 мамырдан бастап 12 маусымға дейін, 11-сынып оқушыларын орта мектеп курсы бойынша - 2000 жылғы 1-16 маусым күндерінде өткізіледі.

3) 9-сынып бітірушілері негізгі мектеп курсы бойынша үш міндетті емтихан тапсырады;

а) ана тілі мен әдебиеттен жазбаша емтиханы (мектептегі оқыту тілі) - 31 мамырда;

Гуманитарлық пәндерді (гимназиялар мен лицейлер) тереңдете оқытатын мектептердің оқушылары шығарма, қалғандары диктант жазады.

б) математикадан жазбаша емтиханы (алгебра мен геометрия) - 5 маусымда;

в) орыс тілінде оқытатын мектептерде мемлекеттік тілден ауызша емтиханы - 8 маусымда;

г) тәжік, ұйғыр, өзбек, қазақ мектептерінде орыс тілінен ауызша емтиханы - 8 маусымда.

4) Күндізгі және кешкі (кезекті) орта мектептерінің 11 (12) сынып бітірушелері үш міндетті емтихандарды мына мерзімдерде тапсырады:

а) ана тілі мен әдебиеттен жазбаша емтиханы (мектептегі оқыту тілі) шығарма түрінде (кешкі жалпы білім беретін мектептерде-диктант)- 1 маусымда;

б) математикадан жазбаша емтиханы күндізгі жалпы білім беретін мектептері ү ш і н - 5 м а у с ы м д а ;

в) орыс тілінен жазбаша емтиханы ұлттық тілдерде оқытатын мектептерде - 7 м а у с ы м д а ;

г) мемлекеттік тілде ауызша емтихан орыс тілінде оқытатын мектептерде - 10 м а у с ы м д а .

д) алгебра және бастауыш анализден кешкі (кезекті) жалпы білім беретін мектептерінде - 9 м а у с ы м д а .

Орта мектепті бітірушінің қалауы бойынша кез-келген пәннен үш ауызша емтихан ұсынылады, бірақ ол 3 пәннен артық емес.

3. Облыстық, Алматы және Астана қалалары білім басқармаларына (департаменттеріне) оқушылардың бітірту, сыныптан-сыныпқа көшіру және емтихандарын өткізуде "Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері оқушыларының бітіру және аттестациялау, сыныптан-сыныпқа көшіру тәртібі жөніндегі нұсқаулықпен" пен осы бұйрықты қатаң басшылыққа алсын.

4. Жалпы орта білім департаментіне (Р. Жұмабекова) "Алтын белгі" кеуделік белгісіне үміткерлер үшін емтихандар тапсырмалары пакеті, ана тілі мен әдебиеттен шығарма тақырыптарын даярласын және жалпы білім беретін орта мектептерін дер кезінде қамтамасыз етсін. Қазақ тілі мен әдебиетінен шығармалар тақырыптары ТМД мен Монғолия білім Министрліктеріне ж е т к і з і л с і н .

5. Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының білім басқармалары тәжік, өзбек және ұйғыр тілдерінде оқытатын мектептер үшін ана тілі мен әдебиетінен жазбаша бітіру емтихандарын өткізуге арналған мәтіндерді уақытында д а я р л а с ы н .

6. "Қазақстан мұғалімі" және "Учитель Казахстана" газеттері бас редакторларына (М. Сермағамбетов, А.С. Тхостова) шығармалар тақырыбы мен о с ы б ұ й р ы қ т ы ж а р и я л а с ы н .

7. Жалпы орта білім департаменті (Жұмабеков Р.М.) осы бұйрықты белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Ә.С. Ахметовке жүктелсін.

Министр

Қ Р Б і л і м
м и н и с т р л і г і н і ң

ж ә н е
N

ғ ы л ы м
1 2 4

бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының
оқушыларын көшіру, қорытынды аттестациялау және
бітірту туралы
НҰСҚАУЛЫҚ**

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес жалпы негізгі және жалпы орта білім беру курсынан жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру білім алу нысанына қарамастан, білім беру ұйымдары бітірушілерінің міндетті қорытынды аттестациясымен аяқталады.

1. Оқушыларды көшіру мен бітірту тәртібі

1. Бастауыш мектепте емтихандар өткізілмейді. Оқушылар тоқсандық (жарты жылдық) бағалардың негізінде аттестатталады. 1-сынып оқушылары қайталанған оқу жылына қалдырылмайды.

2. 2-8, 10 (11) сыныптардан келесі сыныпқа барлық оқу пәндерінен жылдық және қорытынды оң бағалары бар оқушылар көшіріледі.

3. Оқу пәндері бойынша жылдық бағаларды мұғалім оқу сабақтарының аяқталуына 3-5 күн қалғанда қорытынды бақылау нәтижелерін ескеріп, оқушылардың тоқсандық (жарты жылдық) бағалары негізінде қояды.

4. 1-2 пәннен қанағаттанарлықсыз жылдық бағалары бар 2-4 сынып оқушылары келесі сыныпқа оқу жылының қорытындылары бойынша, ауызша, жазбаша және тест тапсырмалары нысандарында өткізілген бақылау жұмыстарын орындағаннан кейін, педагогикалық кеңесінің шешімімен келесі сыныпқа көшіріледі.

5. 5-8, 10 (11) сынып оқушылары келесі сыныпқа жылдық және қорытынды бағалары оңды болған жағдайда көшіріледі. "4", "5" -ке үлгіретін оқушылар (олардың қалауымен) көшіру емтихандарын тапсырудан босатылады.

6. Бір пәннен қанағаттанарлықсыз бағалары бар 5-8, 10 (11) сынып оқушылары емтиханға жіберіледі. Үш немесе одан да көп пәндерден қанағаттанарлықсыз бағалары бар оқушылар білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша қайталанған оқу жылына қалдырылады.

7. Оқу орны педагогикалық кеңестің (бұдан әрі "педкеңес") ұсынысы бойынша емтихандарды өткізудің қажеттілігі, нысандары мен мерзімдері және (5-8) және 10 (11) көшіру сыныптарындағы оқушылардың білімдерімен білік-дағдыларын қорытынды бақылау туралы шешім қабылдайды, оқушылардың білімдері мен білік-дағдылары бойынша емтихандар мен қорытынды бақылау өткізілетін оқу пәндерінің тізбесін бекітеді.

Ескерту: жақша ішіндегі нөмірлеу кешкі (кезекті) мектеп сыныптары мен

олардың сырттай оқытатын бөлімдерінің және көмекші мектеп-интернаттардың
н ө м і р л е н у і н е қ а т ы с т ы .

8. 5-8, 10 (11) сынып оқушысы жылдық және емтихандық бағалармен келіспеген жағдайда оған өтініш бергеннен кейінгі 10 күн ішінде тиісті пәннен оқу мекемесі құрған комиссияға емтихан тапсыру мүмкіндігі беріледі.

9. Үлгірмеген оқушының денсаулығы туралы дәрігерлік көрсеткіштері болған жағдайда, білім беру ұйымының педкеңесінің шешімі мен ата-анасының келісімі бойынша ол өз оқуын жалғастыра алатын мектеп типін таңдау жөніндегі мәселені шешу үшін психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық комиссияға (консультацияға) жіберіледі.

10. Емтихандар аяқталғаннан соң білім беру ұйымының педкеңесі оқушыларды келесі сыныпқа көшіру туралы шешім қабылдайды.

2. Мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру мекемелерінің 9 және 11 (12) сыныптарын бітірушілерді қорытынды аттестациялау

11. Мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру ұйымдарының 9 және 11(12) сынып бітірушілерін қорытынды аттестациялау, оқыту нысанына қарамастан, ауызша және жазбаша емтихан нысанында өткізіледі.

Ауызша емтихандар билеттер бойынша, әңгімелесу, тестілеу немесе рефераттарды қорғау нысанында өткізіледі.

12. Білім беру ұйымдарының 9 (10), 11 (12) сынып оқушыларының міндетті бітіру емтихандарының тізбесі мен өткізілу мерзімін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан кейін "Министрлік") жыл сайынғы ағымдық оқу жылын аяқтау туралы бұйрығымен белгілейді.

13. Қорытынды аттестацияға жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттар талаптары төмен емес жалпы білім беру бағдарламаларын игерген 9 және 11 (12) сынып оқушылары жіберіледі. Жалпы білім беретін оқу орындарының оқушыларын қорытынды аттестациялау тоқсандық және жылдық бағалары негізінде жүргізіледі.

14. 9 және 11 (12) сыныптарды барлық оқу пәндерінен жылдық және қорытынды оңды бағалары бар оқушылар бітіріп шығады. 1-2 пәннен жылдық және қорытынды қанағаттанарлықсыз баға алған 9-сынып бітірушілері келесі сыныпқа оларды қайта аттестациялағаннан кейін барып көшіріледі.

15. Үш немесе одан да көп пәндерден қанағаттанарлықсыз бағалары бар 9-сынып бітірушілері педкеңестің шешімі бойынша қайталанған оқыту жылына қ а л д ы р ы л а д ы .

16. Қанағаттанарлықсыз қорытынды бағалары бар 11-сынып бітірушілеріне 10 (11), 11 (12) сыныптарда алған жылдық және қорытынды бағалары білім беру ұйымдарында оқығандығы туралы анықтама беріледі.

Ескерту: оқушылардың денсаулық жағдайларына байланысты еңбек пен дене тәрбиесі пәндерінен босатылуы оларды келесі сыныпқа көшіру мен білім беру ұйымын бітіруіне әсер етпейді.

17. Оқушы жылдық және емтихандық бағаларымен келіспеген жағдайда, оған жылдық бағалары мен емтиханды тапсыру қорытындысынан кейін, шағымдық өтініш беруге және оны бергеннен кейін 10 күн ішінде білім беру ұйымының педкеңесі құрған комиссияға тиісті пәннен емтихан тапсыруға мүмкіндік беріледі.

18. Мемлекеттік оқу орындары оқушыларының қорытынды аттестациясын құрамын осы оқу орнының педкеңесі бекіткен комиссиялар өткізеді, ал мемлекеттік емес оқу орындарында - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген білім мекемелерінің білім беру қызметін атқару құқығына лицензия беру тәртібіне сәйкес өткізіледі.

19. Жалпы білім беретін мекеменің 9-сыныбын бітірушілердің қорытынды аттестациясы кем дегенде 4 емтихан өткізуді қарастырады, соның ішіндегі үшеуін (тілдер мен әдебиеттен және математикадан жазбаша) Жалпы орта білім департамент белгілейді, қалғандарын 9-сыныпта оқылған пәндерден бітірушілердің өздері таңдайды.

20. Жалпы білім беретін мекеменің 11 (12) - сыныбын бітірушілердің қорытынды аттестациясы кем дегенде 5 емтихан қарастырады, соның ішіндегі үшеуін (орта мектеп курсы үшін тілдер мен әдебиеттен және математикадан жазбаша) Министрлік белгілейді, қалғандарын 10, 11 (12) сыныптарда оқылған пәндерден оқушылардың өздері таңдайды.

Таңдау пәндері қатарына егер бұл пәндер бейімдік пәндер болып саналмаса еңбек және кәсіптік оқыту, дене тәрбиесі, сызу, алғашқы әскери дайындық пәндері енгізілмейді.

Ерекше үлгідегі аттестатқа үміткерлер таңдаған пәндерінен пәннің оқу курсы аяқталсымен емтихан тапсыра алады. Таңдалған пәндерден емтихандарды өткізу үшін мектеп директорының бұйрығымен комиссия құрылады.

21. 11 (12) сынып үшін ана тілі мен әдебиетін емтихан шығармаларының ашық тақырыптарын Жалпы орта білім департаменті әзірлейді. 11 (12) және 9 (10) сыныптардағы басқа жазба және ауызша таңдау бойынша емтихандардың материалдарын облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармалары (департаменттері) дайындайды. Ерекше үлгідегі аттестатқа үміткер 11-ші сынып бітірушілері үшін міндетті жазба емтихандарының материалдары, соның ішінде республикалық оқу орындары үшін Жалпы орта білім департаментінде дайындалады.

22. Облыстық, Астана мен Алматы қалалық білім басқармалары (департаменттері) осы Нұсқаулық 9 және 10-тармақтарында белгіленген тәртіпте

жалпы білім беру ұйымдарының оқыту ерекшеліктерін ескере отырып, қосымша бір емтихан енгізе алады.

23. Кешкі (кезекті) жұмысшы жастар мектебінің 10 және 12 сыныптарында күндізгі жалпы білім беретін мекемелердегідей емтихандар өткізіледі. 12 сыныптарға арналған міндетті емтихандардың материалдарын облыстық, Астана, Алматы қалалық білім басқармалары (департаменттері), 9 сыныптар үшін аудандық және қалалық білім бөлімдері дайындайды.

Сырттай оқытатын бөлімнің оқушылары емтихандарын осы бөлім құрамына кіретін мектепте немесе консультация алу, сынақ тапсыру және т.б. үшін бекітілген мектепте тапсырады.

24. Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы білім беру ұйымының директоры немесе оның орынбасары болып табылады, тексерілген жұмыстардың сапасы және емтихан алушылар қойған бағалардың нақтылығы үшін дербес жауап береді.

25. Жалпы білім беретін оқу орындарының халықаралық оқушылар алмасу жолымен шетелде оқып келген оқушыларын қорытынды аттестациялаудың мәселелерін оқу орнының ұсынысы бойынша жергілікті білім басқару органдары, ал оқушы республикалық оқу орындарында болған жағдайда Департамент шешеді.

26. 11-сынып бітірушілерін еңбекке (кәсіптік бастауыш) даярлау біліктілік емтихандарын тапсырумен аяқталады.

Біліктілік емтихандары жалпы білім беретін оқу орнының әкімшілігімен, оқушылар қорытынды аттестацияның басталуына дейін практикадан өткен кәсіпорын (ұйым) басшыларымен келісілген мерзімдерде өткізіледі.

Бірқатар мамандықтар (автомобиль жүргізушісі, тракторшы, комбайыншы, т.б.) бойынша біліктілік емтихандарды қабылдау МАИ органдарының күші бар ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Мұндай жағдайларда оқу орындары мен өндірістік оқу комбинаттарының басшылары біліктілік емтихандарының мерзімі мен тәртібін күні бұрын айқындайды.

3. Қайталау емтихандары мен жазғы оқу сабақтары

27. 1-2 пәннен қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған 5-10 (11) сынып оқушылары осы пәндерден қайталау аттестациясынан өтуге тиіс. Оқу бағдарламаларына сәйкес оларға жазғы оқу тапсырмалары беріледі.

28. Жазғы сабақтар мен қайталау емтихандарының кестесін оқу орнының директоры бекітеді. Бұл туралы жазғы тапсырма алған және қайталау емтихандарын тапсыратын оқушыларға және олардың ата-аналарына соңғы емтиханнан кейінгі үш күн ішінде хабарланады. Қайталау емтихандарын көшіру және бітіру емтихандарын қабылдаған емтихандық комиссия өткізеді.

29. Жазғы тапсырмалар мен ауызша және жазбаша қайталау емтихандарының

материалдарын оқу орны әзірлейді.

Жазғы тапсырмаларын қанағаттанарлықтай орындаған және қайталау емтихандарын тапсырған оқушылар оқу орны педкеңесінің шешімімен келесі сыныпқа көшіріледі.

4. Оқушыларды бітіру емтихандарынан босату

30. Білім беру ұйымдарындағы орта жалпы білім берудің негізгі және жоғарғы сатыларын үздік бітіргендігі туралы мемлекеттік құжат алуға үміткер 9 және 11-сынып бітірушілері бітіру емтихандарынан тек ерекше жағдайларда ғана Министрліктің бұйрығы негізінде босатылады. Қорытынды аттестациялаудан босатылған 11-сынып бітірушілері "Алтын белгі" белгісімен марапатталмайды.

31. Барлық пәндерден үлгеретін оқушылар бітіру емтихандарынан мынадай жағдайларда аудандық (қалалық) білім басқармалары мен департаменттерінің бұйрықтарымен республикалық оқу орындарының оқушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен босатылады:

а) бұрынғы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен 21.05.93ж. N 236/210 сырқаттар тізбесіне сәйкес денсаулық жағдайына байланысты (3-қосымша);

ә) бала кезінен мүгедектер;

б) Халықаралық олимпиадаларға /жарыстарға/ Қазақстан Республикасының қатысатын командасы кандидаттарының жазғы жиынына қатысуға байланысты.

32. Оқушыларды бітіру емтихандарынан босату (4.2 п.) жөніндегі бұйрық төмендегі құжаттар негізінде шығарылады:

1) мектеп дәрігерінің (ауылдық жерде - аудандық педиатрдың) ұсынысы бойынша жасалған тұратын жеріндегі емхананың дәрігерлік-бақылау комиссиясының (ДБК) қорытындысы;

2) педкеңес шешімі мен мектептің қолдау хатының көшірмесі;

3) үлгерім табелі.

1) және 2) тармақтарында аталған құжаттар директордың қолымен және оқу орнының мөрімен куәландырылады.

33. Емтихандардың, қорытынды аттестациялардың кезінде ауырған бітірушілерге өтіп кеткен емтихандарын тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Бұл оқушылар үшін міндетті емтихан жұмыстарының тақырыптары мен мәтіндерін облыстық, Астана, Алматы қалалық білім басқармалары, департаменттері дайындайды.

Оқу курсы аяқтаған, бірақ әскерге шақырылуына байланысты бітіру емтихандарын тапсырмаған кешкі (кезекті) оқу орнының оқушылары әскери қызметін аяқтағаннан кейін бір емтихандық мерзім ішінде орта мектеп курсы бойынша емтихандар тапсырады.

34. "Алтын белгі" белгісімен марапатталуға үміткерлерден басқа ағымдағы оқу жылында республикалық олимпиадада (сонымен бірге халықаралық

олимпиадаларда) жүлделі орындар алған оқушылар, өз қалаулары бойынша сол жүлделі орын алған пәнінен тапсыратын бітіру емтиханынан босатылады. Бұл оқушылардың емтиханнан босатылуы облыстық, Астана мен Алматы қалаларының білім басқармаларының (департаменттері) бұйрығымен жүзеге асырылады. Республикалық оқу орындарының оқушылары Министрлік бұйрығымен босатылады.

35. Ата-аналары (немесе олардың орнындағы адамдар) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге тұрғын орнын ауыстырған оқушылар растайтын құжаттарының және аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің шешімдері негізінде емтихандарын мерзімінен бұрын тапсырады.

5. Бітіру емтихандарын өткізу тәртібі

36. Бітіру сыныптарындағы оқушылардың өздері таңдаған пән емтихандарының өткізілу күндерін министрліктің жыл сайын шығарылатын "Оқу жылын аяқтау және Қазақстан Республикасының барлық типтегі жалпы білім беретін оқу орындарында бітіру мен көшіру емтихандарын өткізу туралы" бұйрығында көрсетілген мерзім ішінде оқу орнының әкімшілігі белгілейді.

37. Дене құрылысы мен ақыл-ойының дамуында кемістігі бар балаларға арналған арнаулы мектептерде бітіру емтихандарын өткізу қажеттігі туралы мәселені жергілікті білім органдары шешеді. Емтихандар оқу орнының директоры бекіткен кесте бойынша өткізіледі. Бұл кестемен мұғалімдер мен оқушылар емтихандардың басталуынан 10 күн бұрын таныстырылады.

Е м т и х а н к е с т е с і н д е :

а) әрбір сыныпта бір күнде бір емтиханнан артық болмауы;
б) әрбір оқу пәні емтихандарының аралығындағы үзілістің екі күннен кем болмауы ;

в) егер пән бойынша екі емтихан қойылса, жазбашасын ауызшадан бұрын өткізу қ а р а с т ы р ы л а д ы .

38. Емтихандарда оқушылардың біліміне, білік-дағдыларына қойылатын талаптар әрбір пәннің қолданылып жүрген оқу бағдарламасына сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

39. Білім беру ұйымының негізгі сатысындағы 9-сыныпта диктантқа 2 астрономиялық сағат, шығармаға - 4 астрономиялық сағат, мазмұндамаға - 3 астрономиялық сағат, математикаға (жазбаша) - 3 астрономиялық (тереңдетіп оқытылатын сыныптарда - 4 сағат) сағат бөлінеді. 11 (12) сыныпта шығармаға 6 астрономиялық сағат, мазмұндамаға - 4 астрономиялық сағат, диктантқа - 2 астрономиялық сағат, математикаға (жазбаша) - 4 астрономиялық сағат (тереңдетіліп оқытатын мектептерде - 5 сағат) бөлінеді.

40. Жазбаша емтихандарды өткізу үшін мектеп залы немесе ең үлкен сынып бөлмелері бөлінеді: 11 (12) - сынып оқушылары бірден, ал 9 сынып оқушылары

бірден немесе екіден отырғызылады.

Жазбаша жұмыстарды орындау үшін оқушыларға мектептің төрткүл мөрі басылған қағаз беріледі. Оқушылар жұмыстарын орындағаннан кейін оқушылар жоба жазбасымен (черновик) қоса емтихандық комиссияға тапсырады, жұмыстарын белгілеген уақыт ішінде аяқтай алмағандар сол аяқталмаған қ а л п ы н д а т а п с ы р а д ы .

41. Жазба емтихан үстінде (диктанаттан басқа) оқушының 5 минутқа сынып бөлмесінен шығуына болады. Ондай жағдайда ол жұмысын емтихан комиссиясына тапсырады, емтихандық жұмыс жазбасына оқушының шығып келген у а қ ы т ы ж а з ы л а д ы .

42. Жазба емтихан аяқталғаннан кейін емтихан жұмыстарын комиссия мүшелері осы оқу мекемесінің ғимаратында тексереді.

Тексерілмеген жұмыстар оқу мекемесінің директорына сақталуға тапсырылады. Тексеру кезінде қателердің асты сызылады. Шығармадағы, мазмұндамадағы, диктанттардағы, орта мектеп курсындағы математика бойынша қателер саны белгіленген жіктемеге сәйкес жеке көрсетіледі.

Шығармаға, мазмұндамаға және математикалық жазба жұмыстарына "2" " қанағаттанарлықсыз" немесе "5" "үздік" бағалары қойылған жағдайда қысқаша п і к і р ж а з ы л а д ы .

Тіл мен әдебиеттен қайта тапсыратын жазба емтиханының нысанын оқу орнының емтихандық комиссиясы белгілейді. 9(10) және 11 (12) сыныптардағы негізгі және орта мектеп курсы бойынша шығарма, мазмұндама жазбаша емтихандарға Орта және кәсіптік білім комитеті бекіткен білім беру ұйымдары бітірушілерінің жұмыстарын бағалау және ресімдеу жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес екі баға қойылады.

43. Жалпы білім беретін оқу орындарының негізгі мектепті үздік бітіргендігі туралы куәлік алудан үміткер 9 сынып оқушыларының жазба жұмыстарын, үздік және ерекше аттестаттан үміткер 11 (12) сынып бітірушілерінің жазба жұмыстарын, осы оқу орнының емтихандық комиссиясының мүшелері емтихан тапсырғаннан кейін бір күннің ішінде, үміткерлер көп болған жағдайда екі күнде тексереді. Қазақстан Республикасы білім ұйымдарының "Алтын белгіге" үміткерлердің (республикалық оқу орындарындағы үздік және ерекше үлгідегі аттестаттарынан үміткерлердің де) жазба жұмыстары республикалық емтихандық аттестация комиссиясына келесі емтихан басталғанға дейін ұ с ы н ы л а д ы .

44. Үздік және ерекше үлгідегі аттестат, "Алтын белгі" алуға үміткер 11 (12) сыныпты бітіруші оқушылардың жұмыстарын облыстық, Астана, Алматы қалалық білім басқармалары органдарында құрылған аттестациялық комиссия, ал республикалық оқу орындарындағы оқушылардың жұмыстарын министрліктің

республикалық аттестациялық комиссиясы растайды. Ерекше үлгідегі аттестат алуға үміткерлердің әрбір жазба жұмысына аттестациялық комиссияның толық жазылған пікірімен қорытындысы беріледі.

45. Жалпы білім беретін мектептердің барлық сыныптарында жазба бітіру емтихандары таңертеңгі сағат 9-да басталады. Ерекше жағдайларда, оқу орнындағы бітіру сыныптарының саны көп болғанда осы нұсқаулықтың талаптары мен тәртібін сақтау үшін емтихандарды екі мерзімде өткізуге болады: сағат 9-да және 15-те немесе келесі күні қосалқы вариант бойынша өткізіледі. Шығарма тақырыптары, диктант және мазмұндама мәтіндері салынған пакеттер оқушылар мен емтихандық комиссия мүшелерінің көз алдында емтиханның басталуына 15 минут қалғанда ашылады.

Математикадан есептер нөмірінің жинағы салынған пакеттер емтихан комиссиясының мүшелерінің ғана қатысуымен ұсынылған есептер шартының дұрыстығын тексеру үшін емтихан басталуынан 9 сыныптарда жарты сағат бұрын, ал 11 сыныптарда 1 сағат бұрын ашылады.

46. Ауызша емтихан өткізу үшін 25-тен көп оқушысы бар сынып екі топқа бөлінеді және олар емтиханды бірінен соң бірі сол күні тапсырады. Ерекше үлгідегі аттестат алуға үміткерлердің барлық ауызша емтихандарының хаттамалары ведомостарымен қоса республикалық аттестациялық комиссияға ұсынылады.

47. Емтихан тапсырушыға дайындалу үшін 15-20 минут беріледі. Егер оқушы билет сұрақтарына жауап бермесе, емтихандық комиссия оған екінші билет алуға рұқсат етеді. Емтихан тапсырушы ауызша немесе жазба емтиханда белгіленген тәртіпті бұзған жағдайда оны комиссия осы жылы емтихан тапсыруын жалғастыру құқығынан айырады және бұл жағдай хаттамаға жазылады.

48. Әрбір пәннен ауызша және жазбаша емтихан өткізілгеннен кейін емтихандық комиссия оқушыларға емтихан бағасы мен қорытынды бағаларын қояды, оларды (үздік немесе айырықша үлгідегі аттестат алудан үміткер бітірушілердің жазба емтихандарынан басқасын) хаттамаға түсіреді. Хаттамаға осы пәннен емтихан қабылдаған емтихандық комиссия мүшелері қол қояды. Оқушының жазба жұмысын немесе ауызша жауабын бағалауда емтихандық комиссияның мүшелері өзара келіспеген жағдайда комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері міндетті түрде хаттамаға жазылып, көп дауыспен шешіледі, ал комиссияның төрағасы көпшілігінің шешімімен келісімге келе алмаған жағдайда мәселені аудандық /қалалық/ білім бөлімі шешеді.

49. Қорытынды бағаларды шығарарда төмендегілерді басшылыққа алу керек:

а) пән бойынша қорытынды баға жылдық және емтихан бағаларының негізінде бітіру сыныбын тоқсандық (жарты жылдық) бағаларын ескере отырып анықталады ;

ә) емтихан бағасы қанағаттанарлықсыз болған жағдайда оңды қорытынды
баға қойылмайды ;

б) қорытынды баға емтихан бағасынан жоғары бола алмайды.

50. "Алтын белгі" белгісін алуға үміткерлердің 5-11(12) сыныптарда алған тоқсандық, жарты жылдық, жылдық және қорытынды бағаларын қайта қарауға
рұқсат етілмейді .

51. Егер бір пәннен ауызша және жазбаша емтихандар өткізілсе, екі емтиханды тапсырғаннан кейін бір ғана қорытынды баға қойылып, жазбаша мен ауызша емтихандардың тиісті хаттамасына жазылады. Жазба жұмысы "үздік" бағаланып, ауызша емтиханнан алған баға "4"-тен төмен болмай, тоқсандық және жылдық бағасы "5" болған жағдайда және қорытынды бағаға "5" қойылады.

52. Оқу сабақтары ұйымдастырылған емдеу мекемесінде емделіп шыққан оқушыларға қорытынды баға осы емдеу мекемесінің жанындағы жалпы білім беретін мектепте (сыныпта немесе топта) алған тоқсандық (жарты жылдық) және жылдық бағалары ескеріп қойылады.

53. Оқушылардың ауызша емтиханда алған бағалары осы сыныптағы немесе топтағы емтихан аяқталғаннан кейін хабарланады. Жазба емтихан бағалары келесі емтиханға дейін хабарланады. Оқушыларға өз жазба жұмыстарының тексеру қорытындыларымен танысуға мүмкіндік беріледі. Жұмыстарды көрсетуді ұйымдастыру оқушының жазбаша өтініші негізінде осы оқу орнының емтихандық комиссиясы төрағасына жүктеледі.

Жазба жұмысына қойылған бағамен келіспеген жағдайда оқушы емтихан бағасы хабарланғаннан кейінгі үш күн ішінде аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің, облыстық (қалалық) басқармалар мен департаменттердің жанынан құрылған республикалық оқу орындары оқушылары үшін Департаментте құрылған шағым комиссиясына жүгінуге құқылы.

54. Жазба немесе ауызша емтиханнан "2" алған 11-сынып бітіруші келесі емтиханға жіберілмейді, ал емтиханнан "2" алған 9-сынып оқушысы келесі емтиханға жіберіледі .

9-сынып оқушылары үшін қайта тапсыратын міндетті бітіру емтихандардың мерзімін облыстық, Астана, Алматы қалалық білім басқармаларының, департаменттерінің келісімі бойынша осы жылғы 25-маусымға дейін аудандық (қалалық) білім бөлімдері белгілейді.

55. Министрлік бұйрығымен өз жұмысын 7-маусымнан 23-маусымға дейін жүргізетін республикалық емтихандық аттестациялық комиссиясы РАЕК құрылады. РАЕК құрамында үміткерлердің жұмыстарын қарау және білім беру ұйымдарының емтихан комиссияларының қазақ тілі мен әдебиетінен, орыс тілі мен әдебиетінен, математика пәндерінен қойған бағаларын растау жөніндегі сынымен бірге "Алтын белгіге" үміткерлер құжаттарын қарау, олардың аталған

белгінің Ережесіне және Нұсқаулық талаптарына сәйкестігін тексеру жөніндегі
к о м и с с и я л а р к ұ р ы л а д ы .

56. 23 маусымда Республикалық емтихандық аттестациялық комиссиясының жұмыстың қорытындысын шығару және "Алтын белгі" белгісімен марапатталғандар туралы қаулы қабылдау жөніндегі соңғы отырысы өткізіледі.

57. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары Жалпы орта білім департаментіне ағымдағы жылғы 1-ші мамырға дейін жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламаларын типіне, түріне, меншік нысанына қарамастан жүзеге асыратын жазбаша міндетті бітіру емтихандарына арналған тапсырмалары бар конверттер дайындау үшін ерекше үлгідегі аттестат алуға үміткерлер туралы (аты-жөні, мектептің нөмірі, облысы, қаласы) бейімдігі мен оқу тілі көрсетілген мәліметтер береді. Республикалық оқу орындары үздік аттестат алуға үміткерлердің қосымша жеке тізімін жібереді.

58. Республикалық емтихандық аттестациялық "Алтын белгі" алуға үміткерлердің жазба жұмыстары мен бірге бітірушінің 5 сыныптан 11(12) сыныпқа дейінгі үздік білімін дәлелдейтін мақтау қағаздары мен табельдері, жалпы білім беретін пәндерден республикалық немесе халықаралық олимпиадалардың жеңімпазының Дипломдары, негізгі мектепті үздік бітіргендігі туралы куәлігі комиссияға тапсырылады. Құжаттар папкаға салынған жеке файлдардағы құжат атауларының тізімі бойынша тапсырылады.

59. Құжаттарды Департаментке қолында нысан бойынша тапсырылатын құжаттар тізімі облыстың (қаланың) аты алфавит тәртібінде жазылған үміткердің фамилиясы, аты және әкесінің аты, (паспорт немесе куәлік бойынша; оқу орнының атауы (толық мөріне сәйкес келетін) табельдердің мақтау қағаздарының саны (нөмірі көрсетілген және педкеңес хаттамасынан көшірме, директор қолымен мөрмен куәландырылған, 9 сыныпты бітіргендігі туралы куәлігі (номері мен берілген уақыты) пәні, алған орны, N берілген жылы мен уақыты көрсетілген республикалық (халықаралық) олимпиадалардың (жарыстардың) дипломы, сенім қағазы бар білім басқару органының жауапты қызметкері тапсырады. Мақтау қағаздары мен Дипломдарда, табельдерде сөздерді өшіру, түзету, қосып жазу, сызылған сөздер мен толтырылмаған жолдар болмауы керек.

60. 11 сыныптағы міндетті бітіру емтихандарының жазба жұмыстары (түпнұсқасы мен жоба жазбасы) емтихан комиссиясының қорытындысы және хаттамасымен қоса РАЕК-ге тапсырылады.

Республикалық аттестациялық емтихандық комиссияға "Алтын белгі" белгісімен марапатталуға үміткерлер туралы педкеңестің шешімі 11(12) сыныпта қорытынды бағалары мен ауызша емтихандары көрсетілген жинақ ведомосымен қоса 16-маусымға дейін жіберіледі.

61. Типіне, түріне, меншік нысанына және ведомстволық бағынысына

қарамастан, жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының 11-сыныбын бітірушілерді "Алтын белгі" белгісімен марапаттау осы Нұсқаулыққа және "Алтын белгі" туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

62. Білім беру ұйымдарының "Алтын белгі" жоғары наградасын алуға құқылы бітірушілері туралы Министрліктің бұйрығы мен республикалық аттестациялық емтихандық комиссияның қаулысы 25 маусымға дейін шығарылады.

63. Барлық емтихандар аяқталғаннан кейін және Республикалық аттестациялық емтихандық комиссияның қаулысын алғаннан кейін оқу орнының педкеңесі емтихандық комиссияның барлық мүшелерінің қатысуымен олардың қорытындыларын талқылайды және емтихан - хаттамалары негізінде оқушылардың бітіруі туралы мәселені шешеді, мектеп бітіру кешінің өткізілу күнін белгілейді.

6. Мемлекеттік үлгідегі құжаттарды ресімдеу және тапсыру

64. Білім мекемесінің педкеңесінің шешіміне сәйкес 9(10) сынып бітірген оқушыларға негізгі жалпы білімі туралы куәлік, 11(12) сынып бітірушілеріне - жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

Білім туралы құжатты бітіруші өзі оқыған жалпы білім беретін оқу орнынан алады, сонымен қатар оқу сабақтары ұйымдастырылған емдеу мекемесі жанындағы мектепте (топта) білім алған оқушыларға да білім туралы құжат беріледі.

65. Негізгі мектепті бітіргендігі туралы куәлікке жоғарғы білім басқышы сыныптарында оқылған барлық пәндерден алған қорытынды бағалары енеді.

Орта білім туралы аттестатқа 10(11), 11(12) сыныптарда оқыған барлық пәндердің қорытынды бағалары енгізіледі.

66. Білім туралы құжатта әрбір пәннің бағасы цифрмен қойылып, жақша ішіне : 5 (үздік), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), ал сынақ жүйесі енгізілген жекелеген пәндер бойынша - "сынақтан өтті" деген сөздермен жазылады.

67. Жекелеген пәндер бойынша аттестацияланбаған, өздеріне қатыссыз себептермен бұл пәндерді оқымаған 9, 11(12) сынып бітірушілерінің негізгі мектепті бітіргендігі туралы куәлігіне немесе орта білім туралы аттестатына "оқыған жоқ", дене тәрбиесі немесе еңбекке баулу сабақтарынан денсаулық жағдайына байланысты босатылғандарға "босатылған" деген жазу түсіріледі.

68. Қорытынды аттестациядан босатылған бітірушілерге жылдық бағалары негізінде білім туралы құжат беріледі.

69. Белгілі бір кәсіпті меңгерген және біліктілік емтихандарын тапсырған 11(12) сынып бітірушілеріне сол кәсіп бойынша біліктілік (разряд, сынып, санат) берілгендігі туралы куәлік тапсырылады.

70. Мектеп оқушыларының халықаралық алмастырылуы жолымен шетелде оқып, сондағы білім беру мекемесін бітірген 11(12) сынып бітірушілері 11-сыныптың міндетті жазбаша емтихандарды тапсыруы қажет. Шетелде оқыған пәндерінен алған бағалары, Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін оқу орындарының осының алдындағы сыныптарда алған жылдық және қорытынды бағалары ескеріліп, емтихандарды тапсырғаннан кейін оларға орта білімі туралы аттестат беріледі.

71. Факультативтік курстар мен таңдау пәндерін оқыған бітірушілердің білімі туралы құжатына сол жөнінде тиісті жазу жазылады.

72. Білім туралы құжаттар қазақ және орыс тілдерінде анық әрі тек қара сия, тушь немесе пастамен жазылады. Оларға фамилиялары толық жазылған оқу орнының директоры, оның оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары және мұғалімдер (үштен кем емес) қол қояды. Құжат жалпы білім беретін оқу орнының мөрімен расталады, оқу орнының атауы мөрдегі жазумен толық сәйкес келуі керек. Мөр бедері айқын әрі анық, жеңіл оқылатын болуы тиіс. Білім туралы құжатта өшіру, түзету, бағаларды тастап кету сияқты кемшіліктерге рұқсат етілмейді.

Бітірушінің аты, әкесінің аты, фамилиясы төл құжаттағы немесе туу туралы куәлігінде жазуға толық әрі дәлме-дәл сәйкестікте жазылуы қажет. Жалпы білім беретін оқу орнының атауы, нөмірі, мекен-жайы толық жазылады.

Жалпы білім беретін күндізгі оқу орындарында жастар мен ересектер үшін ұйымдастырылған кешкі (сырттай) оқытатын сынып (топ) бітірушілерінің білім туралы құжаттарына оқу орнының атауынан кейін "кешкі (сырттай) оқыту сыныбы (тобы)" деген жазу жазылады.

73. Қорытынды аттестаттау жөніндегі барлық құжатнама мен материалдар орта білім туралы аттестаттарды, негізгі мектепті бітіру туралы куәліктерді, мақтау қағаздары мен грамоталарды жасау, сақтау, беру және есепке алу тәртібі туралы, Ережеге сәйкес сақталады.

7. Оқушыларды марапаттау

74. "Алтын белгі" белгісімен үлгілі мінез-құлық көрсеткен және орта білім берудің негізгі және жоғары сатыларындағы оқу кезеңінде мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес оқу жоспарының барлық пәндері бойынша жылдық қорытынды бағалары "5" болған, жалпы орта білім беру курсы үшін мемлекеттік қорытынды аттестациядан "үздік" бағамен өткен, Қазақстан Республикасы құрамасының құрамында республикалық және халықаралық олимпиадалардың (жарыстардың) жеңімпаздары (жүлдегерлері) болған жалпы білім беретін оқу орындарының бітірушілері марапатталады.

75. Негізгі мектепті бітіргендігі туралы куәлікке енгізілген барлық пәндерден жылдық және қорытынды бағалары "5" болған 9-сынып бітірушілеріне негізгі мектепті үздік бітіргендігі туралы куәлік беріледі.

Денсаулығына байланысты дене тәрбиесі мен еңбекке баулу сабақтарынан, сондай-ақ өзіне қатыссыз себептермен оқытылмаған пәндерден босатылған 9-сынып бітірушілеріне үздік негізгі жалпы білім туралы куәлік беріледі.

76. 10(11) және 11(12) сыныптардағы барлық пәндерден жылдық және қорытынды бағалары "5" болып келген 11(12) сынып бітірушілеріне жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

77. Жекелеген пәндерден ерекше жетістіктерге жеткен, олардан жылдық қорытынды, емтихандық бағалары "5" болған және басқа пәндерден алған бағалары "4"-тен төмен болмаған жағдайда 11(12) сынып бітірушілері "Жекелеген пәндерді оқудағы жетістіктері үшін" грамотасымен марапатталады.

Бітірушіні грамотамен марапаттау туралы шешімді оқу орнының педкеңесі қ а б ы л д а й д ы .

78. 10(11) сынып оқушылары және бағдарлама талаптарын үздік орындаған 1 сынып оқушылары Мақтау қағаздарымен марапатталады.

Мақтау қағаздарымен марапаттауды бастауыш сынып мұғалімдерінің, сынып жетекшілерінің ұсынысы бойынша оқушыларды келесі сыныпқа көшіру туралы мәселе мен қатар бір мезгілде оқу орнының педкеңесі шешеді, бұл туралы табельге тиісті жазу жазылады.

8. Олимпиадалар мен жарыстарды республикалық және халықаралық деңгейге жатқызу

79. Республикалық пәндік олимпиадаларға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бұйрығының негізінде, мектеп оқушыларының жалпы білім беретін пәндерден өткізілетін олимпиадалары туралы Ережеге сәйкес мектеп оқушылары арасында жыл сайын өткізілетін жалпы білім беретін пәндердің олимпиадалары мен музыкалық жарыстар (конкурстар) жатқызылады.

80. Мектеп олимпиадалары жөніндегі Халықаралық комитеттің шешімімен математика, химия, физика, биология және информатика пәндерінің олимпиадалары бағдарламасына енгізілетін аталған пәндердің олимпиадалары 2-3 кұрлықтың 25-тен кем емес елдерін қамтыған жағдайда халықаралық пәндік о л и м п и а д а ғ а ж а т қ ы з ы л а д ы .

81. Халықаралық жарыстарға Олимпиадалық ойындар, Әлем чемпионаттары және Азиялық ойындар, халықаралық музыканттар конкурстары жатқызылады.

82. Орта білімнің негізгі және жоғарғы сатыларында оқыған кезінде мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес оқу жоспарының барлық пәндерінен "5" деген жылдық, қорытынды бағаларын алған және үлгілі тәртіп көрсеткен, жалпы орта білім курсы бойынша мемлекеттік қорытынды аттестациядан "үздік" бағамен өткен Қазақстан Республикасының құрама командасы құрамында

Олимпиадалық ойындар мен Әлем чемпионаттарына, Азиялық ойындарға, халықаралық музыканттар конкурстарына қатысқан олардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары "Алтын белгі" белгісімен марапатталуға ұсынылады.

Нұсқауға N 1 қосымша

Емтихандық құжаттар

Жалпы орта білім беру Департаменті емтихандық құжаттардың 2 түрін белгіледі: негізгі мектеп курсы және жалпы білім беру ұйымдарының жоғары сатыларының емтихан және қорытынды бағаларының хаттамасы мен жылдық, емтихан және мектеп бітірушілердің қорытынды бағаларының тізімі (ведомості).

Ведомость үздік және ерекше үлгідегі аттестат пен "Алтын белгісіне" үміткерлерге толтырылады (төменде қоса беріледі).

Негізгі, орта мектеп курсы бойынша емтихан және қорытынды бағаларының

Хаттамасы

Қазақстан Республикасы-----облысының
-----қаласының (селосының)-----
ауданының-----N-----мектебінің-----
-----сынып-----пәнінен-----

Емтихан алушы мұғалімнің фамилиясы, аты, әкесінің аты-----

Ассистенттердің фамилиялары, аттары, әкелерінің аттары-----

Білім басқармалары жіберген емтихан материалдары салынған пакет
-----сағ.----мин. ашылды

Онда емтихан жүргізу үшін қажетті материал бар (пакет ішіндегі
материалдар хаттамаға қоса тігіледі)

Емтиханға-----қатысты

Келмей қалғаны-----адам.

(келмей қалғандардың фамилиясы, аты)

Емтихан -----сағат-----минутта басталды.

Емтихан -----сағат-----минутта аяқталды.

5-8 сынып оқушыларының көшіру емтихандарында осы хаттаманы қолданады.

-----р/с!Емтихан !Жазба
жұмысының !Емтихан !Жылдық !Қорытынды
!тапсырушының!тақырыбы, және !бағасы !бағасы !бағасы
!фамилиясы, !варианты; алған !(жазумен)!(жазумен)!(жазумен)
!аты, !билетінің нөмірі! ! !
!әкесінің аты! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

Комиссия мүшелерінің жеке оқушылардың жауаптарын бағалау жөнінде ерекше
п і к і р л е р і

Емтихан өткізу күні: ----- ж.
Бағаларды хаттамаға жазу күні: -----ж.

Емтихан комиссиясының төрағасы
Е м т и х а н а л у ш ы м ұ ғ а л і м
Ассистенттер

Нұсқауға N 2 қосымша
**Жылдық, емтихан және қорытынды бағалардың
Ведомості***

-----бітірушісі
(білім беру мекемесінің аты)

-----ауданы (қаласы)

(а т ы - ж ө н і)

р/с	!Оқу бағдарламасына	!Жылдық	!Емтихан	!Қорытынды
	!сәйкес оқу пәндері	!бағалары	!бағалары	!бағалары
!		! 1 1 с ы н .	1 2 !	!
!		! с ы н . * *	!	!

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

Д и р е к т о р

" " _____ ж.

*/ Ерекше аттестат үміткеріне толтырылады.

**/ Кешкі/кезекті/ оқу мекемелерінде, арнайы коррекция мектептерінде
толтырылады.

Емтихан комиссиясының төрағасы
Е м т и х а н а л у ш ы м ұ ғ а л і м
Ассистенттер

Нұсқаулыққа N 3 қосымша

**Жалпы білім беретін оқу орындарының
оқушыларын көшіру және бітіру емтихандарынан
босатуға негіздеме бола алатын сырқаттардың
Тізбесі**

-----N ! Сырқат ! Диагнозы			
! Емтиханнан босату мерзімі			
! ж і к т е м е . !			
! с і н і ң !			
! н ө м і р і !			

1 !	2 !	3	! 4
-----1 001 Сүзек және			
паратифтер	Ауруханадан шыққаннан		
	кейінгі 3 айға дейін		
2 005.1	Ботулизм	Ауруханадан шыққаннан	
		кейінгі тұрақты невро.	
		логиялық симптомдар	
		сақталған жағдайда	
		бір жыл көлемінде және	
		жақсы жағдайда алты	
		а й ғ а д е й і н	
3 010-019	Асқынған өкпе туберкулезі	ұдайы	
	және өкпеден басқа мүше		
	туберкулездерінің асқынған		
	н ы с а н д а р ы		
4 013.0	Туберкулез менингиті	ұдайы	
5 023	Бруцеллез	ұдайы	
6 027,2	Иерсиниоз, гепатитті түрі	ұдайы	
7 033, 034,	Балалардың жұқпалы аурулары	-//-	
	0 5 2 ,	0 5 5 ,	
	0 5 6 ,	0 7 2	
8 036,0	Менингогиктық менингит,	Ауруханадан шыққан соң	
	этиологиялық түрлі ауру,	1 айға дейін	
	і р і ң д і	м е н и н г и т	
9 044	Полиомиелит (ауыр зардаптары)	ұдайы	
10 046,0	Әр түрлі этиологиялық сероз	ұдайы	
		м е н и н г и т і	
11 070	Боткин ауруы Сары ауру	Ауруханадан шыққаннан	
		кейін 3 айға дейін	

12	075	Жұқпалы моноклеоз (ауыр түрі)	Ауруханадан шыққаннан кейін 1 айға дейін
13	190.5	Екі жақты ретинобластома	ұдайы
14	375,744	Глаукома	ұдайы
15	242.0	Диффузды түрдегі уланған зобтың орта және ауыр нысандары	ұдайы
16	242.0	Диффузды түрдегі уланған зоб қалқан безін субстальдық жолмен алып тастау	Операциядан кейін 6 ай
17	244	Гипотиреоз (орта және ауыр түрі)	-//-
18	250	Қант диабеті (орта және ауыр түрі)	ұдайы
19	253.9	Қантсыз диабет (орта, ауыр нысаны)	ұдайы
20	255	Иценко-Кушинга синдромы (орта және ауыр түрі)	6 айдан кем емес
21	281-286	Қан жүйесінің аурулары: 1) Лейкоз 2) Гемофилия (орта, ауыр нысаны) 3) Әр түрлі этиологиялық гипохромды анемияның ауыр түрі 4) Капилляротоксикоз 5) Вергольф ауруы	Ауруханадан шыққаннан кейін 6 ай нысаны) ауруханадан шыққаннан кейін 9 ай түрі Капилляротоксикоз -//-
22	295	Шизофрения	Психоневрологтың рұқсатымен
23	298	Әр түрлі этиологиялық психоз	-//-
24	300	Қатты тұтығу, нерв ауруының асқынуынан пайда болған невроздар	-//-
25	301	Асқынған энцефалоастениялық аурулардың әртүрлі этиологияда білінуі	-//-
26	301	Психопатия	-//-
27	322,9	Еңбекке қабілетіне әсер ететін асқынған арахноидит	Психоневрологтың рұқсатымен

28	323,1	Энцефалит	ұдайы
29	345	Асқынған қояншық	-//-
30	358 б	Вазовегативті қабілетсіздік	-//-
31	370	Жақыннан көрмейтін көз ауруы	ұдайы
		Көз қарашағы төмен 0,5-те 0,1	
		к ө р с е т с е	
32	370	Гиперметриялық астигматизм 3,4	ұдайы
		м-ден жоғары миоптика 4,0 д-дан	
		ж о ғ а р ы к ө р с е т с е	
33	377	Көз жанарының қан тамырлары,	ұдайы
		н е р в т е р і а у р у ы	
34	375,744	Глаукома	ұдайы
35	390-392	Ревматизм, жүрек қабынуы	6 айдан соң
36	401	Гипертониялық ауру	ұдайы
37	490	Бронхиттің ауыр түрі	ұдайы
38	493	Демікпе	ұдайы
39	517	Созылмалы пневмония	ұдайы
40	518-519	Бронхоэтикалық ауруға операция	Операциядан шыққан
		ж а с а л с а	с о ң
41	531-532	Асқазан жарасы және ішекқарын	Ауруханадан соң 2 ай
			а у р у ы
42	535,1	Ішкі секрециясы бұзылған	ұдайы
		эрозиялы асқазан ауруы	
43	540	Соқырішекке операция	-//-
44	550	Жарық (грыжа)	-//-
45	557,0-	Энтероколит	6 айдан кем емес
		5 5 7 , 9	
		5 5 6	
47	560	Ішекке операция	-//-
48	575	Өт жолы ауруының асқынған	ұдайы
		к е з е ң і	
49	577,0-	Панкреатит асқынған және	қозған уақытынан 6
	577,1	созылмалы түрі	айдан ерте емес
50	580	Асқынған диффуздық гломеруло-	ұдайы
		н е ф р и т	
51	582	Созылмалы диффузиялық нефрит	ұдайы
		қ а й т а л а н б а л ы а ғ ы м ы м е н	
52	590	Пиолинефрит	ұдайы
53	691,8-	Диффузиялық нейродерматит,	Айыққан соң 1 айдан

	692,9	таралған экзема	кейін
54	692	Теміреткі	ұдайы
55	710,0-	Склеродемия,	ұдайы
	7 1 0 1 -	Ц е р м а т о м и к о з	
		7 1 0 , 3	
56	715	Созылмалы полиартрит	-//-
57	722	Миокарцит	ұдайы
58	743,2	Туа біткен немесе жастық глаукома	ұдайы
59	746	Іштен туылған жүрек ауруы	Кардиохирургтың
		қ о р ы т ы н д ы с ы м е н	
60	757	Бруцеллезды эпицермолиз	-//-
61	800-809	Бас сүйегі, омыртқа және жамбас	Ауруханадан шыққан
	сынса	соң 2 айдан кейін	
62	810-819	Қол сүйегі сынса	Гипс алынаған соң
		2 а й	
63	820-829	Аяқ сүйегі сынса	Ауруханада 2 ай
		ж а т ы п ш ы қ қ а н с о ң	
64	850-854	Бас сүйегі сынса	-//-
65	1001	Орталық және басқа нерв	-//-
		ж ү й е с і н і ң б ұ з ы л у ы	